



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

Тоқтамыс хан тұсындағы Алтын Орда

Мақсаты:

Тоқтамыс ханның билікке келу кезеңін,
оның саясижәне әскери қызметін,
реформалары мен Алтын Орданы
біріктірудегі рөлін ашып көрсету.



ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

- Тоқтамыс ханның билікке келу тарихын түсіндіру;
- Оның ішкі және сыртқы саясатын талдау;
- Әмір Темірмен қатынастардың сипатын сипаттау;
- Тоқтамыс дәуірінің Алтын Орда тарихындағы орнын бағалау.



A historical map of the Golden Horde, a division of the Mongol Empire. The map shows the territory in yellow, with major cities like Moscow, Kazan, Bulgar, and Sarai marked. The Caspian Sea and Aral Sea are shown in blue. A dark red banner with white text is overlaid in the center. A black arrow points from the Sarai city icon towards the right.

ТОҚТАМЫСТЫҢ БИЛІККЕ КЕЛУІ

Тоқтамыс – Жошы әулетінен шыққан заңды ханзадалардың бірі, әкесін Орыс хан өлтіргеннен кейін 1376 жылы Темірге (Тамерлан) қашып келеді.

Темірдің Тоқтамысты қолдау себептері:

- Алтын Орда – Темірдің Орта Азиядағы басты қарсыласы.
- Орыс ханның күшеюі Темірге тікелей қауіп.
- Тоқтамыс – заңды ханзада → Темір үшін идеалды саяси марионетка.

Йаздының айтуы бойынша, Темір Тоқтамысты құрметпен қарсы алып, «өз ұлым» деп атаған.



Тоқтамыстың жеңіл жолмен билікке келуі



1377–1379 жылдары Орыс хан мен Тоқтақия өледі. Бұл – Алтын Орданың ең әлсіз кезі.

Темір Тоқтамысты үшінші рет қолдайды → 1379 жылы Темір-Мәлікті талқандайды → Тоқтамыс 1380–1381 жылдары Сарай, Қажы-Тархан, Еділ бойын басып алып, билікті толық иеленеді.

Негізгі фактор: Мамайдың Куликовода (1380) Дмитрий Донскойдан жеңілуі.

Алтын Ордада бәсекелес қалмады → Тоқтамысқа кең жол ашылды

Мәскеуге жорық (1382)

1382 жылы Тоқтамыс Мәскеуді қоршап, 3 күнде алады.

Бұл – символикалық акт.

Мәскеу Алтын Орданың вассалы екенін қайта мойындады.

Салық төлеуді қайта бастады.

Бұл Тоқтамыстың ең үлкен саяси жеңісі.



A historical map of the Golden Horde and surrounding regions. The Golden Horde is highlighted in yellow and labeled 'GOLDEN HORDE' in large, bold, dark blue letters. Other regions shown include 'MOSCOW' to the northwest, 'KAZAN' and 'BULGAR' within the Golden Horde, 'TYUMEN' to the northeast, 'KIEV' to the west, 'SARAI' and 'SARAIKHAN' in the south, 'AZAK' and 'MAZHAR' further south, and 'CASPIAN SEA' and 'ARAL SEA' to the south and east. A dark red banner with white text is overlaid on the map, and a black arrow points from the Sarai region towards the right.

ТЕМІРМЕН СОҒЫСТАР: ТОҚТАМЫСТЫҢ ҚАТЕЛІГІ ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДАНЫҢ КҮЙРЕУІНІҢ СЕБЕБІ

Негізгі мәселе:

1385 жылы Тоқтамыс Темірдің жаңа жаулаған жері – Әзербайжанға жорық жасайды.

Себебі оның айналасындағы кавказдық және русьтік әулеттер Темірге қарсы саясатты қолдады.

1387–1388 жж. Тоқтамыс Бұхараға дейін шабуыл жасайды.

1389–1391 бірінші үлкен соғыс

1391 жылы Құндырша шайқасында Тоқтамыс талқандалады. Темір Сарайды Темір-Құтлыққа береді, бірақ өзі кетіп қалады.

Тоқтамыс тез қайта күш жинап, 1393 жылға қарай Сарайды толық қайтарып алады.

1395–1396 шешуші соғыс

Терек шайқасы (1395) – Тоқтамыстың екінші және соңғы ірі жеңілісі.

*Темір Алтын Орданың жүрегін күйретті:
Сарай, Қажы-Тархан, Жүкетай – түгел өртелді.
Әскердің бір бөлігі құлға айналды.
Экономикалық жүйе күйреді.*

*Бұл – Алтын Орданың нақты құлдырау сәті.
Содан кейін Орда ешқашан бұрынғы қалпына келмеді.*

Тоқтамыс пен Едіге: ішкі азаматтық соғыс

1396 жылдан бастап Тоқтамыс қарсыластары көбейе бастайды.

Едіге – ең мықты әскери-саяси фигура, бірақ таққа құқығы жоқ. Сондықтан ол әртүрлі ханзадаларды қолдап билікті өз қолында ұстайды.

1398–1406 жж. Тоқтамыс Литваға қашады, Витовт қолдайды, бірақ Ворскла шайқасында (1399) Орда әскері Тоқтамыс пен литовтарды талқандайды.

1406 жылы Едіге Тоқтамысты өлтіреді.
Бұл – Алтын Орданың соңғы легитимді ханының өлімі.

Тоқтамыс дәуірінің тарихи мәні

Тоқтамыс Орда үшін не істеді?

- Алтын Орданы 1380–1390 жж. толық біріктірді.
- Мәскеу вассалитетін қайтарды.
- Ұлы даладағы соңғы орталықтандыру әрекетін жүзеге асырды.

Темірдің жасаған қырғыны Орда экономикасын жойды, қалаларды өртеді, демографиялық апат туғызды.

Нәтижесінде Орда ұлыстырға бөлініп кетті:

Қырым, Қазан, Астрахань, Ноғай Ордасы, Өзбек хандығы.

